

Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияны өзгертуге қатысты хаттаманы бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2001 жылғы 4 мамыр N 186-II

Монреальда 1977 жылғы 30 қыркүйекте жасалған Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияны өзгертуге қатысты хаттама бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияны өзгертуге қатысты Хаттама

(2002 жылғы 10 қыркүйекте күшіне енді - ҚР СИМ-нің ресми сайты)

(1977 жылғы 30 қыркүйекте Монреальда қол қойылды)

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АЗАМАТТЫҚ АВИАЦИЯ ҰЙЫМЫНЫҢ АССАМБЛЕЯСЫ,

1977 жылғы 30 қыркүйекте Монреальда өзінің жиырма екінші сессиясына

Ж И Н А Л Ы П ,

Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның бірдей орысша мәтіні туралы **А21-13** қарарын **АТАП КӨРСЕТЕ** **ОТЫРЫП,**

Уағдаласушы мемлекеттердің жоғарыда аталған Конвенцияның бірдей орысша мәтіні бар екендігі туралы ережені көздеуге ортақ ниет білдіргендігін **АТАП КӨРСЕТЕ** **О Т Ы Р Ы П ,**

жоғарыда көрсетілген мақсатпен Чикагода 1944 жылғы жетінші желтоқсанда жасалған Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияны өзгерту қажет деп **Е С Е П Т Е Й** **О Т Ы Р Ы П ,**

1. Жоғарыда аталған Конвенцияның 94 а) бабының ережелеріне сәйкес аталған Конвенцияға ұсынылған мынадай түзетуді **БЕКІТЕДІ:**

Конвенцияның қорытынды ережесінің қазіргі мәтіні мынадай мәтінмен **а у ы с т ы р ы л с ы н :**

"Чикаго қаласында 1944 жылғы жетінші желтоқсанда ағылшын тілінде жасалды. Осы Конвенцияның орыс, ағылшын, испан және француз тілдерінде жасалған мәтіндері бірдей тең болып табылады. Бұл мәтіндер Америка Құрама Штаттары Үкіметінің мұрағаттарына сақтауға тапсырылады, ал куәландырылған көшірмелерін осы Үкімет осы Конвенцияға қол қоюы және оған қосылуы мүмкін барлық мемлекеттердің үкіметтеріне жолдайды. Осы Конвенция қол қою үшін Колумбия округінде, **В а ш и н г т о н д а** **а ш ы л а д ы . "**

2. Аталған Конвенцияның айтылған 94 а) бабының ережелеріне сәйкес жоғарыда айтылған ұсынылған түзету оны тоқсан төрт Уағдаласушы мемлекеттер бекіткеннен кейін күшіне енеді деп БЕЛГІЛЕЙДІ, және

3. Халықаралық азаматтық авиация ұйымының Бас хатшысы орыс, ағылшын, испан және француз тілдеріндегі мәтіндері бірдей тең болып табылатын және оған жоғарыда айтылған түзету мен төменде жазылған ережелерді қамтитын Хаттама жасайды деп
Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

ОСЫНЫҢ НӘТИЖЕСІНДЕ Ассамблеяның жоғарыда көрсетілген іс-қимылына с ә й к е с ,
осы Хаттаманы Ұйымның Бас хатшысы жасады.

Хаттама аталған Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияны бекіткен немесе оған қосылған кез келген мемлекеттің бекітуі үшін ашық.

Бекіту грамоталары Халықаралық азаматтық авиация ұйымына сақтауға тапсырылады .

Хаттама оны бекіткен мемлекеттерге қатысты 94-ші бекіту грамотасы сақтауға тапсырылған күні күшіне енеді .

Бас хатшы барлық Уағдаласушы мемлекеттерге Хаттаманы бекіту туралы әрбір құжаттың сақтауға тапсырылған күні туралы дереу хабарлайды.

Бас хатшы аталған Конвенцияға қатысушы барлық мемлекеттерге Хаттаманың күшіне ену күні туралы дереу хабарлайды.

Хаттаманы жоғарыда көрсетілген күннен кейін бекіткен кез келген Уағдаласушы мемлекетке қатысты Хаттама оның бекіту грамотасы Халықаралық азаматтық авиация ұйымына сақтауға тапсырылғаннан кейін күшіне енеді.

ОСЫНЫ КУӘЛАНДЫРУ ҮШІН, оған Ассамблея уәкілеттендірген Халықаралық азаматтық авиация ұйымы Ассамблеясының жоғарыда айтылған жиырма екінші сессиясының Төрағасы мен Бас хатшысы осы Хаттамаға қол қойды.

Монреальда бір мың тоғыз жүз жетпіс жетінші жылғы қыркүйектіңотызыншы күні орыс, ағылшын, испан және француз тілдерінде ЖАСАЛДЫ және де олардың әрқайсысының мәтіні бірдей тең болып табылады. Осы Хаттама Халықаралық азаматтық авиация ұйымының мұрағаттарында сақтауда қалады, ал оның куәландырылған көшірмесін Ұйымның Бас хатшысы барлық мемлекеттерге - Чикагода бір мың тоғыз жүз қырық төртінші жылдың желтоқсан айының жетінші күні жасалған Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның тараптарына жолдайды.

Ассамблеяның 22-ші сессиясының

Бас хатшы

Төрағасы

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Багарова Ж.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК